

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 тамыздағы № 914 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 4 тамыздағы
№ 914 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 № 238 қаулысымен.

3. «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 329 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 15, 145-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі туралы ережеде:

14 - тармақта:

отыз бірінші абзац алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын бекітеді;

Дене шынықтыру (дене шынықтыру-спорттық) қозғалысы субъектілерінің қызметін ұйымдастыру қағидасын бекітеді;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлері мен спорттық медицина және оңалту орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидасын бекітеді;

Спорт түрлері бойынша жарыстар қағидасын бекітеді;

Спортшының бір дене шынықтыру-спорттық ұйымынан, дене шынықтыру-спорттық қоғамынан (спорттық клубтан) басқа дене шынықтыру-спорттық ұйымына, дене шынықтыру-спорттық қоғамына (спорттық клубқа) өту қағидасын бекітеді;

спорт объектілерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі нормалардың, ережелер мен стандарттардың сақталу тұрғысына бақылауды жүзеге асырады;

гендерлік саясаттың іске асырылуын жүзеге асырады;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдарды, наразылықты қарайды және шешімдер шығарады.»;

15 - т а р м а қ т а :

жиырма үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«спорт түрлері бойынша қызметті жүзеге асыратын республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу;»;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу;

спорт түрлері бойынша бас және мемлекеттік жаттықтырушыларды қызметке тағайындау және босату;

дене шынықтыру-спорттық және балалар мен жасөспірімдер спорттық ұйымдарында оқу-жаттығу бағдарламаларын және оқу-жаттығу процесінің кезеңдерін бекіту.» ;

20 - т а р м а қ т а :

б) тармақшада «бекітеді.» деген сөз «бекітеді;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға жеке жауапты болады.».

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2011

ж ы л ғ ы

4

т а м ы з д а ғ ы

№

914

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

бекітілген

Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуден өткізу:

аккредиттеуді өткізу үшін құжаттарды беру, оларды қарау және дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) аккредиттеу туралы куәлікті беру тәртібін айқындайды.

2. Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктер (бұдан әрі - бірлестік) Қазақстан Республикасының атынан тиісті халықаралық ұйымдарда қатысушы болу құқықтарын таныту мақсатында аккредиттеуден өтеді.

3. Бірлестіктерді аккредиттеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Аккредиттеуді тиімді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның жанынан Аккредиттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссияның құрамына уәкілетті органның мамандары және дене-шынықтыру-спорт ұйымдарының өкілдері кіреді. Комиссияның құрамы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның міндеттерін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

2. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі

5. Бірлестік аккредиттеу туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша аккредиттеуді өткізу мен куәлік беруге арналған өтініш;

2) бірлестіктің құрылтай құжаттары мен заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірлемелері (шынайылығын тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылған кезде) немесе олардың нотариалды расталған көшірмелері (шынайылығын тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылмаған кезде);

3) бірлестіктің Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан көбінің аумағында орналасқан филиалдарының ережелері мен оларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері (шынайылығын тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылған кезде) немесе олардың нотариалды расталған көшірмелері (шынайылығын тексеру

үшін түпнұсқалар ұсынылмаған кезде);

4) спорт түрлері бойынша бағдарламаларды іске асыруға бірлестіктің қатысуы туралы ақпарат;

5) дене шынықтыру және спорт салаласындағы мамандануы бойынша жоғарғы кәсіби немесе орта кәсіби білімі бар білікті кадрлардың бар екендігі туралы дипломдардың көшірмелері;

б) спорттық секциялар, клубтар, топтар саны және оларда осы спорт түрімен шұғылданатындар саны туралы ақпараттық анықтама.

6. Уәкілетті органның құжаттарды қарау, куәлік беру немесе бас тарту туралы шешімдер қабылдау мерзімі өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауы тиіс.

7. Бірлестік ұсынған құжаттарды қарау оның Ережесіне сәйкес Комиссияның отырысында жүзеге асырылады.

8. Комиссия бірлестіктің құжаттарын зерделеу қорытындылары бойынша уәкілетті орган аккредиттеу (немесе аккредиттеуден бас тарту) туралы және куәлік беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

9. Аккредиттеуден өткен бірлестікке уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша 4 жыл мерзімге тиісті куәлік беріледі.

10. Мынадай жағдайларда куәлік беруден бас тартылады:

1) осы Қағиданың 5-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса;

2) куәлік алу үшін бірлестік ұсынған құжаттарда жалған немесе бұрмаланған ақпарат бар болса.

3. Куәліктің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату

11. Уәкілетті орган өзінің бұйрығымен куәліктің қолданылуын аккредиттеу алу үшін ұсынылған құжаттарда жалған немесе бұрмаланған деректер анықталған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде тоқтата тұрады.

12. Алты ай ішінде бірлестік уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды жояды. Аталған мерзім куәліктің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімде айтылады.

13. Куәліктің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтар уақтылы жойылған кезде, оның қолданылуы Комиссияның ұсынымы негізінде уәкілетті орган бұйрыққа қол қойылған күннен бастап қайтадан бастайды.

14. Уәкілетті орган куәліктің қолданылуын тоқтату туралы бұйрықты бес жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда шығарады:

1) заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда;

2) куәліктің қолданылуы тоқтатылған осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес себептер жойылмағанда;

3) бірлестік куәліктің қолданылуын тоқтату туралы өтініш бергенде;

- 4) оның қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 5) бірлестіктің күнтізбелік жыл ішінде республикалық (чемпионаттар, біріншіліктер, Республика кубоктары) және халықаралық (Олимпиада, Азия ойындары, чемпионаттар, біріншіліктер, Әлем, Азия, Еуропа кубоктары) жарыстарға қатыспауы;
- 6) бірлестіктердің құзыретсіздігі және әрекетсіздігі туралы дене шынықтыру және спорт жөніндегі облыстық (Астана және Алматы қалалары) жергілікті атқарушы органдардың жартысының көбінен ұсынымдардың келіп түсуі.

4. Қорытынды ережелер

15. Бірлестікте куәліктің қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылу жүргізілген кезде бірлестік, бір ай мерзімде уәкілетті органға енгізілген өзгерістерімен бірге құрылтай құжаттардың көшірмелерін және салық органына есепке қою туралы куәлікті (шынайылығын растау үшін түпнұсқа ұсынылған жағдайда) немесе олардың нотариалды расталған көшірмелерін ұсынады.

16. Бірлестік өзінің атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға бұл туралы хабарлайды және осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса беріп, куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш б е р е д і .

17. Куәлік жоғалған немесе бүлінген кезде уәкілетті орган өтініш қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш негізінде бірлестікке куәліктің т е л н ұ с қ а с ы н б е р е д і .

18. Уәкілетті орган куәліктердің бланкілерін жасауды, оларды есепке алуды және с а қ т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

19. Бірлестікті аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.